

У. Ахметова^{1*}, Ж. Байғалиев², А. Жумабаев²

¹Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Атырау қ., 060011, Қазақстан Республикасы

²Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы РМҚК
Атырау қ., 060011, Қазақстан Республикасы

*e-mail: ulzhan.a67@mail.ru

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚЫШ ШАРЛАР: ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ (АТЫРАУ ОБЛЫСЫ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША)

Андатпа.

Зерттеудің басты мақсаты алтынордалық Сарайшықтың бай тарихи-мәдени мұрасын және кейін жылдардағы археологиялық қазба материалдарын саралау.

Мақалада ортағасырлық Сарайшықтағы археологиялық қазба барысында табылған қыш шарлар туралы зерделенеді, өзге алтынордалық ескерткіштерден табылған шарлармен салыстырылады. Жошы Ұлысы қалалары орнынан табылған шарлардың қандай мақсатта пайдаланғаны туралы ғылымдағы бірнеше тұжырымдар талқыланады. Осындай археологиялық олжалар тарихымызды зерттеудегі маңызды дереккөздердің бірі. Олар арқылы еліміздің ортағасырлық тарихының мәдени, рухани, саяси-экономикалық даму деңгейін, әлемдік өркениет орталықтармен байланыстарын зерделеуге болады.

Ортағасырлық Сарайшық Жошы Ұлысы, Ноғай Ордасы, Қазақ хандығы тарихының маңызды даму кезеңдерін сақтайды. Қазба барысында кездескен шарлар бір жағынан Сарайшық қаласының Жайық жағалауында орналасып экономикалық байланыс торабы, екінші жағынан қала қолөнершілерінің үнемі даму үстінде болғанын дәлелдейді. Бұл бағытта шарлар тұрмыстық бұйымдар, соның ішінде алыс-жақыннан түрлі сұйықтық заттарды тасымалдаушы ретінде пайдаланылған. Ортағасыр тарихын зерттеушілер шарларды соғыс барысында жарылғыш бомба орнына қолданғанын да жазады. XIV ғасырдың екінші жартысында теңіз пираттары Сарайшыққа шабуыл жасағаны туралы болжам бар. Олай болса, қыш шарлар тарихы зерттеу әлі толықтырыла түсуі тиіс.

Негізгі сөздер: Жошы Ұлысы, Сарайшық, Жібек жолы, Қыш, ядро, шарлар, археологиялық қазба.

Кіріспе.

Жошы Ұлысының тарихы соңғы жылдары әлем зерттеушілерінің назарын аударды. Өйткені сонау Ертіс пен Дунай аралығында құрылған алып мемлекет әлем тарихының өзгеруіне, жаңаруына айырықша әсерін тигізді. 2024 жылы наурыз айында Атырау қаласында ұйымдастырылған III Құрылтай оның қазақ тарихымен астасып жатқанын және Қазақ елінің тікелей мұрагері екенін айғақтады.

Зерттеудің мақсаты алтынордалық Сарайшықтың бай тарихи-мәдени мұрасын және соңғы жылдардағы археологиялық қазба материалдарын саралау.

Ортағасырлық Сарайшық тарихы XIV ғасырдан бастап зерттеушілердің назарына ілігіп, түрлі еңбектерде көрініс таба бастады. Алдымен итальяндық сауда-саттық өкілдері, уақыт өте шығыс саяхатшылары назарына ілікті. Олар қаланың Ұлы Жібек жолындағы керуен жолдары түйісетін орталық ретінде сипаттады. Ұлы Жібек жолы бойында, соның ішінде Қазақстан аумағында оның тармақтары орналасты. Еуропаға өтер негізгі жол ретінде Үргеніштен Сарайшыққа, одан Еділ бойындағы алтынордалық қалаларға ағылған діни миссионерлер, көпестер, саяхатшылар осы аралықтағы керуен сарайларды, қалаларды жазды. Олардың қатарында Сарайшық қаласының өзіндік орны бар. Ол турасында XV-XVII ғасырдағы зерттеушілер Ұлықбек, Сигизмунд Герберштейн, Энтони Дженкинсон, Ибн Арабшах, Өтеміс қажы, Мырза Мұхаммед Айдар Дулат, Қадырғали Жалайыр, Әбілғазы еңбектері қажетті ақпараттар береді.

Жазба деректерді археологиялық олжалар толықтырады. Олардың қатарында XX ғасыр басында табылған Хум, 1937 жылғы Н. Арзютов, 1950 жылғы Ә. Марғұлан, кейінгі

Л. Галкин, З. Самашев қазбалары ортағасырлық тарихымыздың танымын кеңейте түсті. Қыш шарлар Сарайшықтан 1970 жылдардан кейінгі қазбаларда кездеседі. Дегенмен бүгінге дейін Сарайшықтан табылған қыш шарлар толыққанды зерделеніп, өзге алтынордалық қалалардағы жәдігерлермен салыстырылып ғылыми айналымға қосылған емес. Сондықтан оларды жаңаша зерттеу аса маңызды.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Ортағасырлық Қазақстан тарихының дереккөздері біршама ғылыми айналымға шығарылды. Оның ішінде алтынордалық Сарайшыққа қатысты деректер XIV-XVII ғасырлар аралығын қамтиды. Олардың қатарында еуропалық, шығыс елдерінің сауда-саттық бағытында жүргізген саясаты кезінде жинақталған материалдары маңызды. Саяси-экономикалық тұрғыдан Москва патшалығына елші ретінде келген еуропалықтар да Қаспий теңізі айналасындағы қалаларды, соның ішінде Еділ-Жайық аралығындағы алтынордалық қалалар туралы материалдар жинақтады. Жинақталған материалдарда ол жерлердегі ірі өзендер, халықтар, тайпалар, олардың шаруашылығы, тіпті басқаратын тарихи тұлғалар айқын көрініс табады. Дегенмен материалдарды пайдаланған кезеңде оларды сыни тұрғыдан саралап, өзара салыстырған жөн.

Зерттеу барысында ғылыми білімнің әдістемесі бойынша жүргізіледі. Ғылыми зерттеу жұмыстарына тарихилық, әлеуметтанулық, далалық зерттеулердің әдістері қолданылады. Зерттеуді толыққанды жүргізу үшін сыни тұрғыдан талдау, анализ-синтез қолданылады. Сонымен бірге тарихи салыстырмалы талдау, деректанулық талдау, статистикалық-математикалық, археология-этнографиялық аналогия және ғылыми зерттеулердің басқада әдістері басты назарға алынады.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Жошы Ұлыстық Сарайшық қаласы – ортағасырларда экономикасы мен мәдениеті, ғылымы мен білімі дамыған өз заманындағы аты әлемге белгілі болған қала. Ол алдымен Азия мен Еуропаның ортасында орналасып өзінің қолөнерімен, транзиттік сауда-саттық орталығы ретінде танылды. Ол турасында Флоренциялық Франческо Бальдуччи Пеголотти (1290-1347 жж.) «Сауда тәжірибесі» еңбегінде: «И из Сарая в Сарайчук – 8 дней по реке, и можно передвигаться по реке и по земле, но передвигаются по реке с меньшими затратами на [перевозку] товара. И из Сарайчука до Ургенча – 20 дней пути на верблюжьей повозке, и кто идет с товаром, ему следует идти в Ургенч, поскольку в этом городе хорошо сбывать товар. И из Ургенча в Отрар – от 35 до 40 дней пути на верблюжьей повозке. И если кто отправится из Сарайчука и пойдет прямо в Отрар, будет идти 50 дней» атап өтеді [1]. Сарайшық қаласынан 1334 жылы араб саяхатшысы Ибн Батутта да өткен. Ол Жайық өзенін «Ұлы су» атап, өзеннен қайықтардан құрастырылған Бағдад қаласындағыдай көпір арқылы өтетінін хабарлайды [2].

Сарайшық қаласы Қытай, Иран, Еуропа елдерінің экономикалық мүдделерін қамтамасыз етті. Экономикалық даму білім мен ғылымның дамуына ықпал жасады. Оған нақты дәлел 1909 жылы күз айында зират ішінен орын дайындау барысында 2 сажень тереңдіктен 24 бөлікке бөлінген саздан жасалған үлкен қыш құмыра (хум) (құжатта ваза) табылуы бола алады. Құмырадағы жазу сол заманда-ақ елдің қызығушылығын оятқан. Оны оқыған шығыстанушы А. Самойлович: «Главный интерес этого сосуда представляют надписи, который не могли быть прочитаны местными муллами», «Все надписи и орнаменты были сделаны на сосуде до его обжига острым инструментом», «судя по прекрасному выполнению работы и надписей, является предположение, что эта ваза едва-ли местного (т. с. в Сарайчике) производства» деп құмыраның ерекшелігін аша түседі [3].

1911 жылы 11 қазанда А. Самойлович құмырадағы жазылған өлең жолдары XI ғасырдағы Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» (Құтты білік) поэмасындағы мәтінге ұқсас дей келіп, шығыстанушы В. Бартольдтың поэмадан үзінділерді тапқанын жазады. Құмырада:

«Кісі көркі – жүз ол, бұ жүз көркі – көз,
Ауыз көркі – тіл, бұ тіл көркі – сөз.
Тағы көркі кісіге – білім мен өнер,
Жанын құрбан етер білім үшін ер».

Ал құмыра жанында «Бұл күбі ішіне жас құюға болады» деген белгісіз шебер өз атынан сөз қосқан екен.

Сарайшықта жасалған құмыра қала қолөнершілерінің шеберлігін ғана емес, олардың ортағасырлық шығыс ғұламаларының туындыларымен жақсы таныс болғанын айғақтайды. Дегенмен XIV ғасырдың екінші жартысынан басталатын саяси дағдарыс Жошы Ұлысының іштен ыдырауына жағдай жасады. Елдегі дағдарысты теңіз қарақшылары да пайдаланған. Теңіз қарақшыларының елді мекендерге шабуыл жасау барысында қолданған жарылғыш заттары – ядро немесе шарлар тарихы да ғылым үшін ерекше қызықты.

Ортағасырлық Сарайшық аумағынан ол алғаш рет 1984 жылы қазба кезінде табылған. Оны тауып жариялаған археолог Л.Л. Галкин болатын. Зерттеуші казактардан бұрын Сарайшыққа теңіз қарақшыларының XIV ғасырдағы Алтын Ордадағы саяси дағдарыс кезеңінде шабуылдағанын жазады. Ғалым Сарайшықтағы археологиялық зерттеу барысында Жайық жағалауындағы XIV ғасырда қамыспен жабылған өртенген үйден табылған белгісіз саздан жасалған қалың қабырғалы шарды (глиняный толстостенный шар) жарылғыш зат деп есептейді. Л.Л. Галкин өз зерттеуінде: «В береговом обрыве современного городища Сарайчик, размываемого водами реки Урал, четко прослеживаются черный слой сгоревших тростниковых крыш и сырцовые стены рухнувших строений. Этот слой тянется вдоль берега не менее чем на 220 метров. Пожар, судя по монетам, найденным здесь, случился в период «Великой Замятии». Затем на месте сгоревших и рухнувших строений были возведены новые дома. Известный исследователь Золотой Орды Г.А. Федоров-Давыдов отметил в своей книге «Золотоордынские города Поволжья», изданной в 1994 году, что в городах: «...изготавливались также полые шары, неясного назначения, с отверстием» деп түйіндейді. Кейін ол шарды зерттей келе оны XIV ғасыр өртегіш бомбасы деп анықтап, бұл кезеңді Каспийдің солтүстік-шығысындағы халықтардың қайғылы жылдары және шарды тас лақтырғыштармен (катапультамен) Сарайшыққа алғашқы соққы жасаған Генуя пираттары деген қорытынды жасайды [4].

Л.Л. Галкин күйдірілген сазды балшықтан жасалған шар диаметрі шамамен 20 см және шардағы екі тесіктің диаметрі 0,5 см болған деп есептейді. Іші қуыс шар қабырғаларының қалыңдығы 2,5 см. Археолог пікірінше, осы тесіктен мұнай құйылып, кейін ол төгіліп арты өртке ұласқан. Зерттеуші шар артынан басына өрт қойылған жебелер атылған деп бекітеді [4. – 35-36]. Л.Л. Галкин пікірінше шарлар Азак немесе өзге де қалалардың шеберханаларында жасалған. Дегенмен зерттеушілердің барлығы бірдей шарды өрт бомбасы деген пікірлермен келісе бермейді. Олардың бірі шарды медициналық бағытта түрлі дәрумен таситын, екіншілері будда дінінің рәсімдерінде қолданатын ыдыс ретінде таниды.

Атырау өңірінен кездескен Жошы Ұлысы кезеңіндегі шарлар тарихына Л.Л. Галкиннен соң археолог М. Қасенов назар аударады. Ол Сарайшық және Ақтөбе-Лаэти қалаларынан табылған ядроларға өзара салыстырмалы зерттеулер жасайды. Зерттеуші оларды ядро-шар, химиялық ыдыс деп жіктейді. Ғалым алдымен Ақтөбе-Лаэти қаласында 1989, 1991, 2019 жылдары жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында анықталған бірнеше қыш ядролардың диаметрлерінің әртүрлі өлшемде болғанына назар аударады. Табылған ядроларда бір немесе бірнеше тесік болған. Мәселен, 1989 жылғы Ақтөбе-Лаэти қаласынан №3 кешеннен табылған ядрода 1 тесік байқалады [5]. Ондағы тесік диаметрі – 1 см, ал ядроның өзінің диаметрі – 13 см, қалыңдығы кей жерінде 1 см, басқа бөлігінде 2 см-ге дейін жетеді. Ядро сынған [6] (1-сурет).



Сурет 1 – Қыш ядро (шар). Ақтөбе-Лаэти қалашығы. 1989 ж. [5. – 206].
Ескерту: 1989 жылы Ақтөбе-Лаэти қалашығы қазбасы

1991 жылы Ақтөбе-Лаэтиден табылған келесі ядро 4 тесік кездеседі. Диаметрі – 13 см. Қазба кешенінің оңтүстік-шығысынан табылған. Тесіктер диаметрі 0,5 см. Іші қуыстанып келген жәдігердің ішінде көлемі кішкентай шар да бар. Ядро бүтін табылғандықтан ішіндегі шардың өлшемі белгісіз. Сырты қызғылт келген [7] (2-сурет).



Сурет 2 – Қыш ядро (шар). Ақтөбе-Лаэти қалашығы. 1991 ж. [5. – 206].
Ескерту: 1991 жылы Ақтөбе-Лаэти қалашығы қазбасы

Ал 2019 жылы Ақтөбе-Лаэтиде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған қыш ядроның ерекшелігі онда 5 тесік қалдырылған. Тесік диаметрі 0,5 см. Шардың ішінде кіші көлемдегі шар қойылған. Бұндай қыш ядроларды моңғол сарбаздары жауға ататын жарылғыш «гранат» қаруы ретінде пайдаланғаны болуы мүмкін [8]. Бұл ядро Ақтөбе-Лаэти қаласының солтүстік бөлігінен анықталды. Ядроның диаметрі 12-ден 14 см-ге дейін. Бетінің түсі әртүрлі: жасыл, қоңыр, қызыл күйдірілген саз және күйген жерлері де кездеседі [5. -205] (3-сурет).



Сурет 3 – Қыш ядро (шар). Ақтөбе-Лаэти қалашығы. 2019 ж. [5. – 207].
Ескерту: 2019 жылы Ақтөбе-Лаэти қалашығы қазбасы

Бүгінде Сарайшық музей қорығында үлкенді-кішілі 3 шар және сынған үлкен шардың бір бөлігі сақталған. Олардың екеуінің көлемі үлкен, үшіншісі кішілеу, төртіншісі тұтас бітеу тау жынысынан жасалған шар.

1999 жылы музей-қорыққа тапсырылған шар сынығын археологтар «Қолдан жасалған граната қару сынығы. XIV ғасыр. Сарайшық орнынан табылған. 03.09.1999 ж.» деп анықтаған (4-сурет).



Сурет 4 – Қыш ядро (шар) сынығы. Фото: Ж. Байғалиев

Ескерту: «Сарайшық» музей-қорығы қоры

Ядро (шар) сынығының сақталған бөлігін өлшеу нәтижесінде диаметрі шамамен 15 см болды. Қабырға қалыңдығы біркелкі емес. Ол 25-31 мм. Бір қызығы шар ішінің отқа оранғаны анық байқалып тұр. Күл іздері байқалады. Шар күлгін түсті саз балшықтан жасалып, күйдірілген. Шарда қанша тесік болғанын анықтау мүмкін емес. Сондай-ақ, шардың ішінде шағын шар да анықталмаған [9].

Катапультамен жарылғыш заттармен қатар кішілеу тау жынысынан жасалған бітеу тастар - шарлар да лақтырлыған. Олардың бірі Сарайшық музей қорығына 2019 жылы №3А қазба орнынан табылған. Оның диаметрі 7 см (5-сурет). Біздіңше ол қамал, ғимараттарды бұзу үшін және адамдарға зақым келтіруші ретінде пайдаланылғандай. Шардың сырты бірқалыпты тегістелген. Онда шардың кішігірім бөлігі сынған. Бірақ ол шардың жалпы формасына әсер етпейді. Шардың өлшемі – 72 мм.



Сурет 5 – Тұтас тау тасынан жасалған шар. Фото: Ж. Байғалиев

Ескерту: «Сарайшық» музей-қорығы қоры. 2019 жылы №3А қазба

2019 жылғы ортағасырлық Сарайшық қаласында жүргізілген қазба жұмыстары №3А кешеннен тағы да қыш ядро анықталды. Ядро диаметрі – 14 см. Ондағы тесіктің диаметрі – 0,5 см. Іші қуыс болып жасалған жәдігер ішіне кішкентай шар салынған [10]. Қыш ядро (шар) жақсы сақталған. Дегенмен шарда және ол табылған қазба орнында өрттің немесе күлдің іздері байқалмайды (6-сурет).



Сурет 6 – Қыш ядро. Сарайшық. 2019 ж. Фото: Ж. Байғалиев

Ескерту: 2019 жылы ортағасырлық Сарайшықтағы №3А археологиялық қазба орны

Осы шарды археолог М. Қасенов: «2019 году керамическая «ядро» найдено в 1,30 м глубинах слоях городища Сарайшык. Диаметр ядро – 17,5 см и металлический шариком «погремушкой» внутри. Этот шар был признан самым крупным из найденных, на бывшей территории Золотой Орды. Наружный стороны керамического ядры ровный и красный. На поверхности ядра расположены 3 отверстий - сквозных. Отверстия расположены на расстояниях от 5 до 7 см диаметр отверстий в пределах -0,5 см» деп саралай түседі [5. - 204]. Дегенмен ғылыми есептегі қыш ядро (шар) диаметрі – 14 см, ал археолог мақаласындағы шар диаметрі – 17,5 см деп көрсетілген. Бүгінде «Сарайшық» музей-қорығы қорында ТК₁НК₁-1518 номерімен тіркелген шарды қайта тексеру барысында жәдігер диаметрі – 15,7 см болды. Одан өзге археолог мақаласында шарда 3 өтпелі тесікті көрсеткен. Ал шардың морфологиялық тексеру барысында өтпелі тесіктер 1-еу екені белгілі болды.

2023 жылы ортағасырлық Сарайшық қаласындағы №3 археологиялық кешендегі қоғамдық ғимараттың оңтүстік бөлігінен табылған ядро 2019 жылғы ядроға ұқсамайды. Оның ерекшелігі көлемінде және шардағы тесік диаметрі үлкен болғаны. Шар диаметрі – 10 см, тесіктің диаметрі – 1 см [11] (7-сурет).



Сурет 7 – Қыш ядро (шар). Сарайшық. 2023 ж. Фото: Ж. Байғалиев

Ескерту: 2023 жылы ортағасырлық Сарайшық қаласындағы №3 археологиялық қазба орны

2023 жылғы табылған шар көлемі кішілеу, қабырғасы жұқа, бомбаға ұқсамайды. Біздіңше, осы жолғы шар химиялық сұйықтықтар тасымалдайтын ыдысқа келінкірейді.

Дегенмен табылған тау жынысынан жасалған бітеу тастар – шарлардан басқа барлық шарларға тән ортақ ұқсастық бар. Ол күйдірілген қыш шарлардың ішінде кішкене метал шарлардың болуы. Археологтар кішкене металл шарлардың үнемі қозғалыста болып шар

ішіндегі сұйықтықтың араласуына және сұйық күйінде сақталуын қамтамасыз етеді деп есептейді. Кейбір шарлардың ішінде екі-үш метал шарлар болған.

Г.А. Федоров-Давыдов «Золотоордынские города Поволжья: Керамика. Торговля. Быт» атты еңбегінде қазба жұмыстары барысында Азак, Царев, Сарай Бату, Водянский, Мажардан табылған қыш ядролардың өлшемдерін келтіреді. Зерттеуші ядроларға толығырақ сипаттама бермейді. Мажар қаласынан табылған ядро түссіз глазуурмен қапталған. Өлшемі: диаметрі – 7,5 см, қабырғасы қалыңдығы – 5 см, ішіндегі шардың диаметрі – 3 см, тесігінің диаметрі – 0,7 см. Сарай Батудан табылған 2 қыш ядроның ішінен үлкен ядроның диаметрі – 13-15 см, қабырғасы қалыңдығы – 3 см, ішіндегі шардың диаметрі – 3 см, тесігінің диаметрі – 0,8 см [12].

Бүгінде Жошы Ұлысы қалалары орнынан табылған шарлардың қандай мақсатта пайдаланғаны туралы ғылымда бірнеше тұжырымдар таралған.

Зерттеуші И.В. Волков «О назначении керамических шаров с золотоордынских городищ» атты мақаласында шарларды – сылдырмақ, химиялық ыдыстар, жарылғыш заттар деп жіктейді. қандай мақсатта қолданғаны туралы өз ұстанымдарын ұсынады. Ғалым алтынордалық қалалардан табылған қыш ядроларды (шар) зерттей келе, оларды үлкен екі топқа бөліп қарастырады. Біріншісі, бір тесігі бар қыш ядролар, екіншісі қыш ядрода екеуден артық тесігі барлар деп көрсетеді. Бір ерекшелігі бір тесігі бар шарлар бірнеше тесігі бар шарлардан диаметрі үлкендеу болып келеді. И.В. Волков зерттеуші А.Ф. Лихачеваның кейбір шарларды балалар ойыншығы сылдырмақ деген тұжырымымен келіседі [13]. Сарайшық қазбасынан табылған шарлардан 2023 жылы табылған шар сылдырмаққа келіңкірейді. Дегенмен ол шар да салмақты, әрі бала ойыншығынан гөрі қауіпті шар. Балалар қауіпсіздігін алға тартсақ сылдырмақ болуы мүмкін емес. Бала ойыншығы ретінде шардың өзі әрине үлкен болады. Қыш ядро ішіндегі кішкене шарлар болса ойыншық бола алуы мүмкін.

Қыш шарлардың жасалу әдісі де қызықты. Г.А. Федоров-Давыдов қыш ядроны екі жарты шардың өзара жалғануы арқылы жасалған деп тұжырымдаса [12. – 192]. И.В. Волков қыш ядроны жасаудың төмендегідей нұсқасын ұсынады. Оның анықтауынша: «...Последовательность изготовления предмета такова. Сначала на гончарном круге из обычного для неполивной керамики Селитренного городища теста был изготовлен маленький кувшинчик без горла. На нем хорошо видны следы ротации. Затем в него был положен керамический шарик диаметром около 2,5 см, а после этого диаметр «горлового» отверстия был уменьшен путем вытягивания глины пальцами без круга до 1,4-1,7 см. Далее этот сосудик был обмазан толстым слоем глины другого состава, значительно более пористой. Внешняя поверхность была хорошо заглажена гладким предметом до придания изделию правильной шаровидной формы, следы от инструмента, использовавшегося для лощения, отчетливо читаются на поверхности. После этого в боковой части предмета было проткнуто сквозное отверстие диаметром около 0,4 см...». Кейін қыш ядро (шар) арнайы пеште күйдірілген. Ғалым өз зерттеулері барысында шарды қолөнершілер пайдаланған деген тоқтамға келеді. Яғни қыш ядро (шар) көмегімен шар ішінде әр түрлі химиялық ерітінділерді араластыру арқылы дәрі-дәрмектер мен химиялық сұйықтықтар алынған [13. –147-154].

Археолог Л.Л. Галкин «Керамические горны золотоордынского города Азака» атты мақаласында қыштан жасалған тұрмыстық бұйымдарға, олардың жасалу техникасы мен өзіндік ерекшеліктерін сипаттай келе, Сарай Бату қаласынан табылған қыш ядро (шар) туралы мәліметтер береді. Шардың диаметрі – 10,5 см, онда екі тесік бар. Әр тесіктің диаметрі – 6 мм, шар қабырғасының қалыңдығы – 2-3 см. Беті ашық қызыл түспен ангобталған. Ядро бөліктерінің жанынан диаметрі 22 мм өлшемді шар табылған [14]. Ол қыш ядро ішіндегі шар болса керек. Демек іші қуыс етіп жасалған шардың ішіне сұйық зат құйылған болып, ал ішіндегі кішкентай шар сұйықтықтың қатып қалмауын қамтамасыз

еткен. Одан өзге ғалымдар арасында оны «гранат» немесе «бомба» ретінде пайдаланған деген деректер кездеседі. Солардан бірі, А.П. Смирнов «Оснaвные этапы истории города Болгара и его историческая топография» атты мақаласында: «...Археологические раскопки последних лет показывают, что верхние слои городских напластований, датируемых монетами начала XV в. (самые поздние из них относятся к 1425 г.), содержат громадное число разрушенных и сожженных построек. В некоторых из них найдены пустотелые глиняные гранаты, которое могли употребляться в качестве зажигательных гранат», - деп жазады [15].

Л.Л. Галкин мәліметтері бойынша Орта Азия аумағында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде диаметрі 10 мм болған шар табылады. Бұл бұйым қыш ядроның ішіндегі шар болуы мүмкін. Сондай-ақ осыған ұқсас шарларды бал ашуға пайдаланған деседі [14. -258]. Тағы бірде тибет халықтарының жергілікті діні болған «бон-по» деп аталатын будда дінінің тармағы түсінігінде жоғарыда аталған ядро (шар) ішіндегі кішкентай шарларға ұқсас ұсақ шарларды жауыз рухтарға қарсы пайдаланған деген дерек кездеседі [16].

1961 жылы Маджар қаласы орнында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде қыш ядро (шар) табылған. Шардың көлемі – 43 см³, салмағы – 1420 г. Шарда тек бір тесік жасалған. Оның диаметрі – 1,2 см. Ставрополь өлкетану музейінде сақталған қыш ядроны (шар) Т.М. Минаева күнделікті тұрмыстық мақсатта пайдаланған болар деген тұжырымды ұсынады [17].

Ерекше қызықты шар Татарстан Республикасындағы Ескі Қазан (Камаевское городище) қала қирандыларынан табылды. Шар XIV – XV ғасырларға тиесілі. Ғалымдар оны «үрей тудыратын зеңбірек оғы» («панический снаряд») деп анықтаған. Шардағы тесіктер ауа қарсылығы нәтижесінде ысқырық шығарады екен. Шар тесіктердің диаметрі шамамен 2-3 см [18] (8-сурет).



Сурет 8 – Ескі Қазан қаласынан табылған ядро.

Ескерту: Сурет [19] дереккөзі негізінде құрастырылған

Осыған ұқсас ядро (шар) түрлері Америка мен Европа да кеңінен таралған. Бірақ ол шарлар шамамен XVII – XVIII ғасырларда қолданылған. Дегенмен олар қыштан емес көпшілік жағдайларда тастан, темірден жасалады. Мысалы, Американың Форт Стэнвикс аймағында 32 қатты темір зеңбірек шарлары қазылды. Олардың өлшемдері де әртүрлі өлшемде келтірілген [19].

Османды түрік империясында Мехмет сұлтан (1451 – 1481 жж.) жаулап алу жорықтарында пайдалану мақсатында оқ атар құрылғылар жасау қарқыны күшейген. Қоладан жасалған ядролар Осман империясының жаугершілік соғыстарында кеңінен

пайдаланылды. Қару жасайтын цехтарға көңіл бөлініп, бұл салада осман ғалымдары үлкен жетістікке жеткен. Эвлия Челеби айтуынша, «...что в литейном цехе есть две большие бронзовые печи, внутренняя часть которых выложена огненными камнями. Дно пустое, а над ними - купол, в который при отливке, помимо меди и олова, помещались металлы, называемые дрожжевым материалом, от названия которых состояли старые шарики» [20].

Қорыта айтқанда, ортағасырларда пайдаланылған шарлар, олардың қолданылу мақсаты түкпілікті анықталды деу қиын. Олардың соғыс құралы ретінде немесе саудасаттық барысында түрлі химиялық ертінділерді тасымалдау кезеңінде қолданылғаны анық. Археологиялық қазба барысында табылған шарлар жоғарыдағы ойымызды нақтылай түседі. Ал олардың балалар ойыншығы немесе діни бағытта кәдеге жарағаны туралы дәлелдер әзірше жеткіліксіздеу. Сондықтан бұл бағыттағы зерттеулер жалғаса береді. Қыш шарлар, біздіңше, Сарайшықта да жасалған. Өйткені, ортағасырларда Сарайшық, онымен іргелес Ақтөбе-Лаэти қалалары өз қолөнершілерімен танылды. Қазба барысында жиі кездесетін қыштан жасалатын бұйымдар жергілікті қолөнершілерінің кәсіби деңгейін айғақтайды. Ол турасында Ә. Марғұлан: «Ең негізгі керуен жолында тұрған Сарайшық қолөнер өндірісін цехтық ұйымдастыру көлеміне жетті. Цехтарда қышпен жұмыс жасайтындар, күйюшылар, ұсталар, зергерлер, сүйек оятындар, тас өңдеушілер және тағы басқа жұмыс істеді» деп анықтай түседі [21].

Бүгінге дейін Сарайшық және Ақтөбе-Лаэти қазбаларынан әртүрлі өлшемдегі қыш шарлар анықталған. Бұл қалалардан табылған қыш ядро (шар) көпшілігі 1 тесік қалдырылған. Келтірілген шарлардың диаметрі ең үлкені 20 см, ал ең кішісі 7,2 см (1 кесте).

Кесте 1 – Атырау облысынан табылған ядро-шарлар

№	Табылған жылы	Табылған жері	Материал	Шардың диаметрі (см)	Тесік диаметрі (см)	Қабырға қалыңдығы (см)	Шардағы тесік саны (шт)
1	1970(1975)? ж.	Сарайшық	қыш	20	0,5	2,5	2
2	1989 ж. (фрагмен)	Ақтөбе-Лаэти	қыш	13	1	1-2	1
3	1991 ж.	Ақтөбе-Лаэти	қыш	13	0,5	-	4
4	1999 ж.	Сарайшық	қыш	15	-	2,5-3,1	-
5	2019 ж.	Ақтөбе-Лаэти	қыш	12-14	0,5	-	5
6	2019 ж.	Сарайшық	қыш	15,7	0,5	-	1
7	2019 ж.	Сарайшық	тас	7,2	-	-	-
8	2023 ж.	Сарайшық	қыш	10	1	-	1

Ескерту: кесте археологиялық есептер бойынша құрастырылған

Одан өзге, Алтын Орда қалалары аумағынан табылған қыш ядролармен салыстырғанда Сарайшық және Ақтөбе-Лаэти қалаларынан табылған қыш шарлар көлемі үлкендеу келген, сондай-ақ, қабырғасы қалындау болды (2 кесте).

Кесте 2 – Алтын Орда қалаларынан табылған ядро-шарлар

№	Табылған жылы	Табылған жері	Материал	Шардың диаметрі (см)	Тесік диаметрі (см)	Қабырға қалыңдығы (см)	Шардағы тесік саны (шт)
1	-	Мажар	қыш	7,5	0,7	5	2
2	-	Сарай Бату	қыш	13-15	0,8 (ішіндегі шар диаметрі – 3)	3	1
3	-	Сарай Бату	қыш	10,5	0,6	2-3	2

4	1961 ж	Мажар (салмағы – 1420 г)	қыш	-	1,2	-	1
5	-	Ескі Қазан	қыш	-	2-3	-	-
Ескерту: кесте еңбектер бойынша құрастырылған							

Қорытынды.

Ортағасырлық Сарайшық қаласы орнынан табылған шарлар негізінен XIV-XV ғасырларда өзге алтынордалық қалалар – Ақтөбе-Лаэти, Мажар, Сарай Бату, Ескі Қазаннан қазба барысында кездескен қыш шарларға ұқсас. Дегенмен олардың өзіндік ерекшеліктері де бар екені жоғарыдағы кестеде айқын көрініп тұр. Бүгінде зерттеушілер оларды сұйықтықтар тасуға, соғыс барысында жарылғыш зат ретінде, діни рәсімдерде, тіпті балалар ойыншығы, музыкалық аспап бағытында қолданылған деген қорытындыға келген. Сарайшықта табылған шарлар біздіңше, жаулап алу мақсатында және сұйықтық тасуға пайдаланылған. Өйткені Сарайшықта кездескен және жарылып, сынған шардың іші өртке оранған. Бұл археолог Л. Галкин жазғандай Сарайшықты тонауға келген пираттар қолданған шарлар да болуы мүмкін. Өзге шарлар сұйықтық тасуға ыңғайлы. Біздіңше, қыш шарлар Сарайшықта да жасалған. Қаладағы қолөнершілер жергілікті материалдарды қолданып түрлі қыш бұйымдар жасағаны дәлелденіп отыр.

Қаржыландыру туралы ақпарат:

Бұл мақала Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің ЖТН BR 22082480 «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII-XV ғғ.)» бағдарламасының қаржысы аясында дайындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Хаутала Р. В землях «Северной Тартарии»: Сведения латинских источников о Золотой Орде в правление хана Узбека (1313–1341). Серия «Язма Мирас. Письменное Наследие. Textual Heritage». Общ. и науч. ред. И.М. Миргалеева. — Казань: Институт истории им. Ш.Марджани АН РТ. — 2019. — Выпуск 6. — С. 864-897
- 2 Ибрагимов Н. Ибн Баттута и его путешествия по средней Азии. — М.: Наука. — 1988. — 128 с.
- 3 Самойлович А. Среднеазиатско-турецкие надписи на глиняном кувшине из Сарайчика. Записки восточного отделения Императорского Русского археологического общества. Том двадцать первый. 1911-1913. Петербург: «Типография императорской Академии наук». — 1913. — С. 38-47
- 4 Галкин Л.Л. Загадки, гипотезы, открытия: Генуэские пираты на...Каспии. Вокруг Света. —1998. — №4. — 4 с.
- 5 Касенов М. Ядро керамическое. Туған өлкені зерттеу: оның маңызы және басым бағыттары: Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы (12 сәуір, 2021 жыл) III т. Жалпы ред. басқ. Ә.Қ.Мұқтар. — Атырау. Сарайшық. — 2021. — Б. 203-209
- 6 Самашев З. Отчет ЗКАЭ 1989-1991 г. — 40 с.
- 7 Галкин Л.Л., Касенов М.С., Афанасьев В.К. Средневековое городище Актобе - Лаэти (XIII-XV вв.). — Атырау: Типография АГУ им. Х. Досмұхамедова. — 2013. — 100 с.
- 8 Ахметова У, Мұқтар Ә, Касенов М, Тұрарұлы А, Жұмабаев А. Жайық бойы Алтын Орда қалалары (XIII – XVI ғғ.). Кітап. — Алматы: «Болат Медиа» мекемесі. — 2023. — 148 б.
- 9 «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы қоры. ТК₁НК₁-294.
- 10 Отчет об археологических работах по теме: «Исследование средневекового городища Сарайчик». — Атырау. — 2019. — 25 с.
- 11 «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» бағдарламасының ортағасырлық Сарайшық ескерткішіндегі археологиялық қазба жұмысының ғылыми есебі. «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы. — Сарайшық. — 2023. — 68 б.
- 12 Федоров-Давыдов Г.А. Золотоордынские города Поволжья: Керамика. Торговля. Быт. — М.: Изд-во Моск. ун-та. — 2001. — 256 с.
- 13 Волков И.В. О назначении керамических шаров с золотоордынских городищ. Историко-археологические исследования в г. Азове и на Нижнем Дону: тезисы докладов к семинару: в 1991 году: В.11. Азов. — 1993. — 257 с.

- 14 Галкин Л.Л. Керамические горны золотоордынского города Азака. СА. — М.: Наука. АН СССР, 1975. — №1. — 338 с.
- 15 Смирнов А.П. Основные этапы истории города Болгара и его историческая топография. Труды Куйбышевской археологической экспедиции. / Отв. ред. А.П. Смирнов. (МИА. № 42) — М.: Изд-во АН СССР. — 1954. — Т.I — 508 с.
- 16 Shellgrove D.L. The Nine Ways of Bon. London. 1967. 54 p.
- 17 Минаева Т.М. Новые находки на городище Маджара. Советская археология. — М.: Изд-во АН СССР. — 1954. — С. 284-285
- 18 Городища и крепости Казанского края. Иске Казань (Старая Казань). [Электронный ресурс] — URL: https://pikabu.ru/story/gorodishcha_i_kreposti_kazanskogo_kraya_iske_kazan_staraya_kazan_6235921?utm_source=linkshare&utm_medium=sharing (дата обращения: 15.04.2024)
- 19 FORT STANWIX Casemates and Cannonballs Archeological Investigations at Fort Stanwix National Monument. Available at: — URL: https://www.nps.gov/parkhistory/online_books/archeology/14/chap4.htm#:~:text=Mortar%20Bombs,for%20the%20Americans (accessed: 16.04.2024)
- 20 How was the Ball Technology During the Ottoman Period? How Was Its Production Carried Out? Available at: — URL: <https://malzemebilimi.net/osmanli-zamaninda-top-teknolojisi-nasildi-uretimi-nasil-yapiliyordu.html>. (accessed: 17.04.2024)
- 21 Сарайшық – бабалар мұрасы. Сарайшық қалашығының тарихы туралы дереккөздер. Құр. Ж.К. Жұмабаева, М.Қ. Кипиев // Гып.ред. Ж.К. Жұмабаева. — Атырау: «Ағатай» баспасы. — 2015. — 224 б.

СРЕДНЕВЕКОВЫЕ КЕРАМИЧЕСКИЕ ШАРЫ: ИССЛЕДОВАНИЯ И ВОПРОСЫ (ПО МАТЕРИАЛАМ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ)

Аннотация.

Основная цель исследования – проанализировать богатое историко-культурное наследие золотоордынского Сарайшыка и материалы археологических раскопок последующих лет.

В статье исследуются керамические ядра, обнаруженные в ходе археологических раскопок в средневековом Сарайшыке, которые сравниваются с ядрами, найденными в других золотоордынских памятниках. Обсуждается несколько научных заключений о цели использования ядер, найденных на месте городов Улуса Джучи.

Подобные археологические находки являются одним из важнейших источников в изучении нашей истории. Через них можно изучить уровень культурного, духовного, политико-экономического развития в средневековой истории страны, ее связи с мировыми цивилизационными центрами. Средневековый Сарайшык сохраняет важные вехи развития истории Улуса Джучи, Ногайской Орды, Казахского ханства. Обнаруженные при раскопках ядра свидетельствуют о том, что Сарайшык был центром экономических коммуникаций, располагавшимся на берегу реки Урал, а также о постоянном развитии городских ремесленников. Ядра использовались в качестве предметов домашнего обихода, в частности, как сосуд для транспортировки различных жидких веществ. Исследователи средневековой истории также пишут, что во время войны ядра использовались вместо взрывных бомб. Есть предположение, что во второй половине XIV века морские пираты напали на Сарайшык. Если это так, то изучение истории керамических ядер еще надлежит продолжить.

Ключевые слова: Улус Джучи, Сарайшык, Шелковый путь, керамика, ядро, шары, археологические раскопки.

MEDIEVAL CERAMIC BALLS: RESEARCH AND QUESTIONS (BASED ON MATERIALS FROM ATYRAU REGION)

Abstract.

The main purpose of the study is to differentiate the rich historical and cultural heritage of the Golden Horde Saraishyq and the materials of archaeological excavations in subsequent years.

The article examines ceramic cores discovered during archaeological excavations in medieval Saraishyq and compares them with cores found in other Golden Horde monuments. Several conclusions in science are discussed about the purposes for which the cores found at the site of the cities of the Jochi Ulus were used.

Such archaeological finds are one of the most important sources in the study of our history. Through them, we can study the level of cultural, spiritual, political and economic development of the medieval history of the country, its links with world civilization centers.

The medieval Saraishyq preserves important milestones in the development of the history of the Ulus of Jochi, the Nogai Horde, and the Kazakh Khanate. The cores discovered during excavations indicate that Saraishyq was a center of economic communications located on the banks of the Ural River, as well as the constant development of

urban craftsmen. On the other hand, the cores were used as household items, in particular, as a vessel for transporting various liquid substances. Medieval history researchers also write that during the war, cores were used instead of explosive bombs. There is an assumption that in the second half of the 19th century, sea pirates attacked Saraishyq. If this is the case, then the study of the history of ceramic cores has yet to be completed.

Key words: Ulus Jochi, Saraishyq, Silk Road, ceramics, core, balloon, archaeological excavation.

REFERENCES

- 1 Hautala R. V zemlyah «Severnoj Tartarii»: Svedeniya latinskikh istochnikov o Zolotoi Orde v pravlenie hana Uzbeka (1313–1341). Seriya «Yazma Miras. Pis'mennoe Nasledie. Textual Heritage». [In the lands of «Northern Tartaria»: Information from Latin sources about the Golden Horde during the reign of Uzbek Khan (1313–1341). Series «Yazma Miras. Written Heritage. Textual Heritage».] / Obshch. i nauch. red. I.M. Mirgaleeva. – Kazan: Institut istorii im. SH.Mardzhani AN RT. 2019. Vyp6. P. 864-897 [in Russian]
- 2 Ibragimov N. Ibn Battuta i ego puteshestviya po srednej Azii. [Ibn Battuta and his travels in Central Asia]. M.: Nauka. 1988. 128 p. [in Russian]
- 3 Samoilovich A. Sredneaziatsko-tureckie nadpisi na glinyanom kuvshin iz Saraichika [Central Asian-Turkish inscriptions on a clay jug from Saraichik] // Zapiski vostochnogo otdeleniya Imperatorskogo Russkogo arheologicheskogo obshchestva. Tom dvadcat' pervyj. 1911-1913. Peterburg: «Tipografiya imperatorskoj Akademii nauk». 1913. P. 38-47 [in Russian]
- 4 Galkin L.L. Zagadki, gipotezy, otkrytiya: Genueskie piraty na...Kaspii [Riddles, hypotheses, discoveries: Genoese pirates on...the Caspian Sea]. Vokrug Sveta. 1998. №4. 4 p. [in Russian]
- 5 Kasenov M. Yadro keramicheskoe [Ceramic core]. Tuğan ölkeni zertteu: onyñ mañyzy jáne basym bağyttary: Respublikalyq ғылыми-тәжірибелік konferenciasynyñ materialdar jinağy (12 cáur, 2021 jyl) III. Jalpy red. basq. Ä.Q.Müqtar. Atyrau; Saraışyq. 2021. P. 203-209 [in Russian]
- 6 Samashev Z. Otchet ZKAE - 1989-1991 g. [WCAE Report - 1989-1991]. 40 p. [in Russian]
- 7 Galkin L.L., Kasenov M.S., Afanasev V.K. Srednevekovoe gorodishche Aktobe - Laeti (XIII-XV vv.). [Medieval settlement Aktobe - Laeti (XIII-XV centuries)] – Atyrau: Tipografiya AGU im. Kh. Dosmuhamedova. 2013. 100 p. [in Russian]
- 8 Ahmetova U, Müqtar Ä, Qasenov M, Tūrarūly A, Jūmabaev A. Jaiyq boiy Altyn Orda qalalary (XIII – XVI ғғ.). [Cities of the Golden Horde along the coast (XIII - XVI centuries)] Kitap. – Almaty: «Bolat Media» mekemesi. 2023. 148 p. [in Kazakh]
- 9 «Saraışyq» memlekettik tarihi-mädeni muzei-qoryğy qory. [«Sarayshik» state historical and cultural museum-reserve fund.] TK₁NQ₁-294. [in Kazakh]
- 10 Otchet ob arheologicheskikh rabotah po teme: «Issledovanie srednevekovogo gorodishcha Saraychik». [A study of the medieval settlement of Saraychik]. Atyrau. 2019. 25 p. [in Russian]
- 11 «Qazaqstannyñ batys öñirindegi altynordalyq qalalar, köne keruen joldary jáne keruen-sarailar: pānaralyq zertteuler (XIII-XV ғғ.)» bağdarlamasyñyñ ortağasyrlyq Saraışyq eskertkisindegi arheologialyq qazba jūmysynyñ ғылыми esebі. [Scientific report of the archaeological excavation work at the medieval Sarayshik monument under the project «Golden Horde cities, ancient caravan routes and caravanserais in the western region of Kazakhstan: interdisciplinary research (XIII-XV centuries)»].»Saraışyq» memlekettik tarihi-mädeni muzei-qoryğy. – Saraışyq. 2023. 68 p. [in Kazakh]
- 12 Fedorov-Davydov G.A. Zolotoordynskie goroda Povolzhya: Keramika. Torgovlya. Byt. [Golden Horde cities of the Volga region: Ceramics. Trade. Life] M.: Izd-vo Mosk. un-ta. 2001. 256 p. [in Russian]
- 13 Volkov I.V. O naznachanii keramicheskikh sharov s zolotoordynskikh gorodishch. Istoriko-arheologicheskie issledovaniya v g. Azove i na Nizhnem Donu: tezisy dokladov k seminaru: v 1991 godu: [On the purpose of ceramic balls from the Golden Horde settlements. Historical and archaeological research in Azov and the Lower Don: abstracts of reports for the seminar: in 1991] V.11. Azov. 1993. 257 p. [in Russian]
- 14 Galkin L.L. Keramicheskie gorny zolotoordynskogo goroda Azaka. [Ceramic forges of the Golden Horde city of Azaka]. SA. M.: Nauka. AN SSSR. 1975. №1. 338 p. [in Russian]
- 15 Smirnov A.P. Osnavnye etapy istorii goroda Bolgara i ego istoricheskaya topografiya. Trudy Kujbyshevskoj arheologicheskoy ekspedicii. [The main stages of the history of the city of Bolgar and its historical topography. Proceedings of the Kuibyshev archaeological expedition.] / Otv. red. A.P. Smirnov. (MIA. № 42). M.: Izd-vo AN SSSR. 1954. T.I 508 p. [in Russian]
- 16 Shellgrove D.L. The Nine Ways of Bon. London. 1967. 54 p. [in English]
- 17 Minaeva T.M. Novye nahodki na gorodishche Madzhara [New finds at the site of Madjara]. Sovetskaya arheologiya M.: Izd-vo AN SSSR. 1954. P. 284-285 [in Russian]
- 18 Gorodishcha i kreposti Kazanskogo kraya. Iske Kazan' (Staraya Kazan') [Fortifications and fortresses of the Kazan region. Iske Kazan (Old Kazan)] Available at: — URL: <https://pikabu.ru/story/gorodishcha>

[i kreposti kazanskogo kraya iske kazan staraya kazan 6235921?utm_source=linkshare&utm_medium=sharing](https://www.kreposti-kazanskogo-kraya-iske-kazan-staraya-kazan-6235921?utm_source=linkshare&utm_medium=sharing) [in Russian] (accessed: 15.04.2024)

19 FORT STANWIX Casemates and Cannonballs Archeological Investigations at Fort Stanwix National Monument. Available at: — URL: https://www.nps.gov/parkhistory/online_books/archeology/14/chap4.htm#:~:text=Mortar%20Bombs,for%20the%20Americans. [in English] (accessed: 16.04.2024)

20 How was the Ball Technology During the Ottoman Period? How Was Its Production Carried Out? Available at: — URL: <https://malzemebilimi.net/osmanli-zamaninda-top-teknolojisi-nasildi-uretimi-nasil-yapiliyordu.html> [in English] (accessed: 17.04.2024)

21 Saraişyq – babalar mūrasy. Saraişyq qalaşyğynyñ tarihy turaly derekközder [The shed is the heritage of our ancestors. Sources about the history of Sarayshik town] / Qūr. J.K. Jūmabaeva, M.Q. Kipiev. // Ğyl.red. J.K. Jūmabaeva. Atyrau: «Ağatai» baspasy. 2015. 224 p. [in Kazakh]

Information about authors:

Ulzhan Akhmetova – **corresponding author**, doctor of historical sciences, associate professor of the Department of «History of Kazakhstan and World History», Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: ulzhan.a67@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4274-8602>

Junis Baigaliev – master, research staff of the «State Historical and Cultural Museum-Reserve Sarayshik», Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: baigalievzh@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9483-2278>

Amangeldi Zhumabayev – master, academic secretary of the «State Historical and Cultural Museum-Reserve Sarayshik», Atyrau, Republic of Kazakhstan

e-mail: tarix212@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8863-5638>

Информация об авторах:

Улжан Ахметова – **основной автор**, доктор исторических наук, ассоциированный профессор кафедры «История Казахстана и всемирная история», Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, г.Атырау, Республика Казахстан

E-mail: ulzhan.a67@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4274-8602>

Жунис Байғалиев – магистр, научный сотрудник «Государственный историко-культурный музей-заповедник Сарайшык», г.Атырау, Республика Казахстан

E-mail: baigalievzh@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9483-2278>

Амангелди Жұмабаев – магистр, ученый секретарь «Государственный историко-культурный музей-заповедник Сарайшык», г.Атырау, Республика Казахстан

E-mail: tarix212@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8863-5638>

Авторлар туралы ақпарат:

Улжан Ахметова – **негізгі автор**, тарих ғылымдарының докторы, «Қазақстан және дүниежүзі тарихы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: ulzhan.a67@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4274-8602>

Жүніс Байғалиев – магистр, «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының» ғылыми қызметкері, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: baigalievzh@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9483-2278>

Амангелді Жұмабаев – магистр, «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының» ғалым хатшысы, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: tarix212@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8863-5638>